

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Білім беруді дамыту»  
орталығы және Маңғыстау облысы білім басқармасының  
«Білім берудің оқу-әдістемелік» орталығы коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі арасындағы  
**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТ**  
**(МЕМОРАНДУМ)**

Орал қаласы

2021 жылғы "20" мамыр

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын бір жағынан Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Білім беруді дамыту» орталығының директоры Кубашева Гульмира Камаловна және екінші жағынан Маңғыстау облысы білім басқармасының «Білім берудің оқу-әдістемелік» орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Тұрлан Зейнет Тұрланқызы өзара әріптестік және серіктестік қарым-қатынастарды дамытуға ынтымақтастықты нығайтуға ниет білдіре отырып, төмендегідей талаптары бойынша Меморандумды жасасты.

## 1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

1.1. Осы Меморандум аясында Тараптар білім беру саласындағы шеберлік пен шығармашылықты арттыруды, білім беру ұйымдары жүргізетін іс-шараларды қолдаудағы ынтымақтастық нығайтуға, ілгерілетуге, білім беру саласындағы жобаларды бірлесе жүзеге асыруға және озық іс-тәжірибелерімен облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде бөлісу мақсатында ынтымақтастық қарым-қатынас жасайды.

1.2. Осы Меморандумда көрсетілген шараларды орындау үшін Тараптар өзара жұмыс жоспарын құрып, бекітеді.

1.3. Осы Меморандумды жүзеге асыру барысында Тараптар ашықтық және жариялылық принциптерін басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында әрекет етеді.

1.4. Тараптармен ұйымдастырылатын іс-шаралар тегін негізде өткізіледі.

## 2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Осы Меморандумды жүзеге асыру үшін Тараптар келесі бағыттарда өзара әрекет етеді (офлайн/онлайн):

- инженер-педагогтардың озық педагогикалық тәжірибесін жариялау мақсатында халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кәсіби шеберлік байқаулар өткізу;

- оқу-әдістемелік материалдарымен алмасу;

- кәсіптік білім беру бағыттары бойынша дарынды студенттердің талантын дамыту мақсатында біріккен байқаулар мен олимпиадалар және басқа да зияткерлік сайыстарды ұйымдастыру;

- студенттерге арналған шығармашылық орталықтардың жұмысын ортақ бағдарлама арқылы ұйымдастыру және оқу орындарының өзін-өзі басқару ұйымдарының озық тәжірибелерін тарату;

